

Жас педагогтер мен олардың тәлімгерлеріне  
арналған «Педагогикалық дуэт-2024»  
облыстық конкурсының ережесіне  
**№1 қосымша**

**«Педагогикалық дуэт - 2024»  
облыстық конкурсының  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жалпы білім беретін мектептердің және мектепке дейінгі ұйымдардың педагог-тәлімгерлері мен жас педагогтері арасындағы «Педагогикалық дуэт – 2024» облыстық конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) мақсат-міндеттерін белгілейді, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. «Педагогикалық дуэт – 2024» облыстық конкурсы (бұдан әрі – Конкурс) Павлодар облысының білім беру басқармасының және Білім беруді дамытудың инновациялық орталығының 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. Конкурс облыстың білім беру саласында тәлімгерліктің беделін арттыру, педагог-тәлімгерлерді марапаттау және жас мамандарды қолдауда педагог-тәлімгерлердің елеулі жеке үлесін таныту, тәлімгерліктің тиімділігін арттыру, тәлімгерліктің педагогикалық тәжірибесін анықтау мен тарату мақсатында өткізіледі.

**1.4. Конкурс міндеттері:**

- жас педагогтер мен олардың тәлімгерлерінің әлеуметтік мәртебесін және кәсіби деңгейін арттыру;

- педагогтердің жеке әлеуетін іске асыру, шығармашылық және кәсіби даралығын білдіру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- педагогикалық қоғамдастықты жас педагогтердің проблемаларына тарту.

1.5. Конкурс қатысушылары: жалпы білім беретін, мамандандырылған және шағын жинақты мектептердің, ресурстық орталықтардың жас педагогтері, (педагогикалық қызметінің басталуы **2023 жылғы қыркүйек** және олардың тәлімгерлері).

**II. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары**

2.1. Конкурс ұйымдастырушысы – Білім беру басқармасы және Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы.

2.2. Конкурс екі кезеңде өткізіледі:

- аудандық (қалалық),

- облыстық.

### **III. Конкурстың Ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының жұмысы**

3.1. Конкурсты өткізу үшін білім беру басқармасы ұйымдастыру комитетін құрады; конкурсқа қатысушылардың кәсіби қызметін сараптау және бағалау үшін қазылар алқасы құрылады.

Ұйымдастыру комитеті конкурсқа ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты жүзеге асырады және

- қазылар алқасының құрамын (№7 қосымша);
- конкурстық материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптарды айқындайды.

3.2. Ұйымдастыру комитеті конкурсты дайындау және өткізу барысында туындаған мәселелерді қарастырады, конкурстық материалдарды ұсыну формасын белгілейді, конкурстың қазылар алқасының жұмыс кестесін жасайды, әрбір кезеңді өткізу тәртібін айқындайды және т.б.

3.3. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін барлық кезеңдерде қазылар алқасының құқықтары берілген Конкурстық комиссия құрылады (№8 қосымша).

3.4. Конкурстық комиссияның құрамына ұйымдардың басшылары, жоғары білікті педагогтер, білім беру басқармасының (бөлімдерінің) мамандары, білім беру ұйымының кәсіподақ ұйымының, мектепке дейінгі, мектептегі білім беруге жетекшілік ететін орталықтардың әдіскерлері және т.б. кіреді.

3.5. Конкурстық комиссия мүшелері қатысушылардың ұсынылған материалдарын зерделейді, жеңімпаздарды анықтайды. Конкурстың қорытындысы бойынша жеңімпаз анықталып, келесі кезеңдерге қатысу үшін жіберіледі.

- конкурстың сырттай және күндізгі кезеңдері қатысушыларының тізімін бекітеді;

- конкурстың сырттай кезеңінің сараптамалық тобын және күндізгі кезеңінің қазылар алқасын бекітеді;

- ұсынылған материалдарды бағалау өлшемшарттарын әзірлейді;

- конкурсты қорытындылауды және жеңімпаздар мен лауреаттарды марапаттауды ұйымдастырады.

Конкурстың қазылар алқасы:

- келіп түскен материалдарға сараптама жүргізеді;

- кәсіби шеберлік деңгейін бағалайды.

3.6. Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Павлодар қаласы, Олжабай батыр көшесі, 22А, Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы.

### **IV. Конкурстың аудандық кезеңін ұйымдастыру және өткізу мерзімдері**

4.1. Конкурс екі кезеңде өткізіледі

4.2. «Педагогикалық дуэт - 2024» облыстық конкурсына қатысу үшін

Квота:

Павлодар қ. – 5, Екібастұз қ. – 5, Ақсу қ. – 4, аудандар – 3, мамандандырылған мектептер – 1 дуэт.

4.3.1-кезең – аудандық немесе қалалық:

а) ақпан – дайындық - конкурс туралы хабарлау;

б) наурыз – **2024 жылғы 15 наурызға дейін** БАҚ-та және әлеуметтік желілерде, білім беру бөлімдері сайтында жариялай отырып, қалалық және аудандық күндізгі іріктеу турын өткізу.

4.4.2-кезең – облыстық (2024 жылғы 18 наурыз – 23 сәуір аралығында).

**Облыстық кезең 2 турда өткізіледі:**

4.5.Бірінші тур - іріктеу(сырттай) (2024 жылғы 18 наурыз – 10 сәуір аралығында.)

**Мақсаты:** педагогикалық дуэттерге жас педагогтерді қолдауда тәлімгерлердің жеке үлесін көрсетуге, тәлімгерліктің тиімділігін арттыруға, облыстың білім беру жүйесінде тәлімгерліктің педагогикалық тәжірибесін зерделеуге және таратуға мүмкіндік беру. Конкурстың II турына қатысушыларды іріктеу.

4.6.ҚББ/АББ конкурстық материалдарды қазақ немесе орыс тілдерінде немесе ағылшын тілінде Конкурс Ережесіне сәйкес [zhasustaz@mail.ru](mailto:zhasustaz@mail.ru) электронды поштасына мұрағатталған файлмен (I тур) **2024 жылғы 18 наурызға дейін жібереді**. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды.

4.7.Дуэттердің аналитикалық материалдарына сараптама **2024 жылғы 18 наурыздан 10 сәуірге дейін** өткізіледі. Дуэт мына құжаттармен папка дайындайды:

- қатысушының өтінімі (№2 қосымша);
- тәлімгерді тағайындау туралы бұйрық;
- педагогикалық дуэтке қатысушылардың түрлі-түсті фотосуреттері;
- білім беру ұйымдары әкімшілігінің конкурсқа қатысушылар туралы пікірі («жас педагог - тәлімгер»), пікір еркін формада жазылады және білім беру ұйымы басшысының қолымен бекітіледі (көлемі 1 беттен аспауы тиіс; 14-ғаріп);

- жас маманның «Менің тәлімгер ұстазым» тақырыбына эссесі (№3 қосымша);

- педагогикалық дуэттің «Құрметке бөленген ұстаз» презентациясы (5 мин); (педагогикалық технологияларды, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану, талдау қажет және қомақты кәсіби нәтижелерді ұсыну, өз кәсіби өсуін және жетістіктерді, перспективадағы жоспарды көрсету). (4-қосымша).

## V. Конкурстың облыстық 2-турын өткізуді ұйымдастыру және мерзімдері

5.0. Екінші тур(финал)2024 жылғы 11-24 сәуір аралығында

2-турға 1-тур қорытындысы бойынша 70% ұпай жинаған қатысушылар өтеді.

**Мақсаты:** заманауи мектеп жағдайында жас педагогтердің табысты өсуі үшін ұйымдастырушылық-әдістемелік шарттар құру, өздік білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге дайындығын қалыптастыру, облыстың білім беру саласында тәлімгерлік мәселелері бойынша кәсіби шеберлік деңгейін анықтау.

**5.1. Екінші тур (іштей) «Жас педагог – тәлімгер: кәсіби өсуге жол» (2024 жылғы 11-24 сәуір аралығында).**

- **«АШЫҚ САБАҚ»** Дуэт күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес қазақ, орыс және ағылшын тілінде пән бойынша сабақ тақырыбын анықтайды және сабақтың қысқа мерзімді жоспарын әзірлейді, жас педагог бейтаныс сыныпта сабақ өткізеді, ұзақтығы 45 мин. ҚР БҒМ 2021 жылғы 16 қыркүйектегі No 472 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес (№5 қосымша).

- **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДУЭТТІҢ «Құрметке бөленген ұстаз» презентациясы** (5 мин); (педагогикалық технологияларды, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану, талдау қажет және қомақты кәсіби нәтижелерді ұсыну, өз кәсіби өсуін және жетістіктерді, перспективадағы жоспарды көрсету).

5.2. Конкурсқа ұсынылған материалдар рецензияланбайды. Көрсетілген мерзімнен кейін жіберілген материалдар немесе конкурстың рәсімделу талаптары мен мазмұнына сәйкес келмейтін материалдарды сарапшылар қарастырмайды.

5.3. Конкурстық материалдарды қарастыру қорытындылары бойынша ақпарат – Конкурстың бірінші (сырттай) кезең нәтижелері – Білім беру басқармасының және Білім беруді дамытудың инновациялық орталығының сайтында «Конкурстар» бөлімінде орналастырылады.

5.4. Конкурсқа ұсынылған материалдар авторлары оларды дайындау кезінде академиялық адалдықты сақтауды кепілдеуге міндетті.

5.5. Ұйымдастыру комитетіне материалдарды ұсына отырып және қатысуға келісім бере отырып (№2 қосымша), авторлар Ұйымдастыру комитетінің мүшелеріне және қазылар алқасына конкурс мақсаты үшін жеке деректерін пайдалануға келіседі.

## **VI. Конкурстық материалдарды іштей қорғауға рәсімдеу ережелері**

6.1. ҚББ/АББ дуэттер материалдарын Конкурс Ережесіне сәйкес [zhasustaz@mail.ru](mailto:zhasustaz@mail.ru) электронды поштасына мұрағатталған файлмен (I тур) жібереді.

Барлық мәтіндік материал Microsoft Word форматында ұсынылады, ғарпі Times New Roman; кеглі 14 қалыпты – тығыздаусыз, жоларалық қашықтық – дара; ені бойынша бірдейлеу; шеттері: жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ – 2 см; азатжол қалдыру – 1 см; тасымалсыз.

### **6.2. Материалдарды папкаға орналастыру тәртібі:**

**II турға** (финал) өткен дуэттер бір папкаға келесі құжаттарын жинақтайды.

1. Конкурстың атауы, қатысушылардың тегі, аты, әкесінің аты (толық), жұмыс орны, лауазымы көрсетілген және педагогикалық дуэт қатысушыларының түрлі-түсті фотосуреті бар титул парағы;

2. Ұсынылған материалдар (мазмұны);

3. Конкурстың аудандық кезеңін өткізу хаттамасы;

4. Өтінім-сауалнама;

5. Тәлімгерді тағайындау жөніндегі бұйрық;

6. Білім беру ұйымының конкурса қатысушылардың жұмысы туралы пікірі;

7. «Менің тәлімгер ұстазым» тақырыбына эссе;

8. Педагогикалық дуэттің «Құрметке бөленген ұстаз» презентациясының сценарийі;

9. ҚР БҒМ 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес сабақтың толық қысқа мерзімді жоспары, сабаққа қосымшасымен. Материалдар Павлодар қаласы, Олжабай батыр көшесі, 22 А мекенжайы бойынша №6 кабинетке қабылданады.

## **VII. Конкурс қорытындыларын шығару**

7.1.«Педагогикалық дуэт-2024» облыстық конкурсының қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленеді:

**Бас жүлде; I орын; II орын; III орын**

Номинациялар: «Педагогикалық дуэт – жаңалық ашу», «Зияткерлердің педагогикалық дуэті», «Креативті дуэт».

Қазылар алқасының сараптамалық бағасы: Бас жүлде - 98 - 100%, I орын - 95-97%, II орын – 90-94%, III орын -85 - 89%. Номинациялар: 80-84%.

7.2.Конкурстың облыстық кезеңінің жеңімпаздарына жас педагогтерге және тәлімгерлерге арналған облыстық семинарларда өз қызметін таныстыруға мүмкіндік беріледі.

7.3.Қазылар алқасының 70% сараптамалық бағалауынан өткен дуэттер «Педагогикалық дуэт – 2024» конкурсына қатысқаны туралы сертификаттармен марапатталады. Сертификаттар қатысушының электрондық поштасына 2024 жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей жіберіледі.

7.4.Дипломдар мен сертификаттарда жас педагог пен тәлімгердің аты-жөні жазылады.

7.5. Конкурс қорытындылары ББДИО сайтында конкурс өткізілген күні жарияланады.

**Анықтама телефоны: 8 (7182)660242, 87028623141**

Жас педагогтер мен олардың тәлімгерлеріне  
арналған «Педагогикалық дуэт-2024»  
облыстық конкурсының ережесіне  
№2 қосымша

«Педагогикалық дуэт-2024»  
облыстық конкурсына қатысуға өтінім-сауалнама

Жас педагогтің тегі, аты, әкесінің аты	
Білімі	
Жұмыс орны	
Жұмыс өтілі	
Оқытатын пәні	
Марапаттаулар мен алғыс хаттар	
Конкурстардың жеңімпазы немесе финалисті (егер болса)	
Дербес деректерді пайдалануға келісім	
Электрондық пошта, WhatsApp телефоны	
Педагог-тәлімгердің тегі, аты, әкесінің аты	
Білімі	
Жұмыс орны	
Жұмыс өтілі	
Оқытатын пәні	
Марапаттаулар мен алғыс хаттар	
Дербес деректерді пайдалануға келісім	
Конкурстардың жеңімпазы немесе финалисті (егер болса)	
Электрондық пошта, WhatsApp телефоны	
Қажетті жабдықтар	

Өтінімді толтыру күні \_\_\_\_\_

Дуэттің жеке қолы \_\_\_\_\_

Білім беру ұйымы басшысының қолы \_\_\_\_\_

М.О.

Жас педагогтер мен олардың тәлімгерлеріне  
арналған «Педагогикалық дуэт-2024»  
облыстық конкурсының ережесіне  
**№3 қосымша**

**ЭССЕНІ бағалау өлшемшарттары**

<b>ЭССЕ(200-220 сөзден артық емес)</b>	<b>15</b>
<b>Эссе тақырыбын ашу</b>	<b>3</b>
Тақырып толығымен ашылды	3
Тақырып ашылды, бір тақырыптан сәл ауытқу бар	2
Тақырып ішінара ашылды	1
Тақырып ашылмаған	0
<b>Өз ұстанымын қолдау үшін дәлелдер мен қарсы дәлелдер жазу</b>	<b>3</b>
Дәлелдер сенімді және дұрыс	3
Дәлелдер сенімді, бірақ түпнұсқа емес	2
Дәлелдер нашар	1
Дәлелдер мақсатсыз	0
<b>Логика мен жүйелілік, тұжырымдардың болуы</b>	<b>3</b>
Мәтінді нақты құрылымдау	3
Мәтін құрылымдалған, бірақ шамалы ауытқулар бар	2
Мәтін ретсіз құрылымдалған	1
Мәтін құрылымы жоқ	0
<b>Педагогикалық ойлаудың бірегейлігі мен тереңдігі</b>	<b>3</b>
<b>Педагогикалық ойлаудың бірегейлігі мен тереңдігі жақсы ашылған</b>	<b>3</b>
Педагогикалық ойлаудың бірегейлігі мен тереңдігі соншалықты сенімді емес	2
Педагогикалық ойлаудың бірегейлігі мен тереңдігі мүлдем түсініксіз	1
Жоқ	0
<b>Емле сақталуы, тілдік құралдарды қолдана білу</b>	<b>3</b>
Мәтін сауатты жазылған, тілдің экспрессивті құралдары шебер қолданылған, жоғары жалпы эрудиция	3
Мәтін кішігірім грамматикалық қателіктермен жазылған, өзіндік көзқарас бар, бірақ әлсіз эрудиция	2
Грамматикалық және пунктуациялық қателер, әлсіз жалпы эрудиция бар	1
Мәтін сауатсыз жазылған	0

Жас педагогтер мен олардың тәлімгерлеріне  
арналған «Педагогикалық дуэт – 2024»  
облыстық конкурсының ережесіне  
**№4 қосымша**

**Өзіндік шығармашылық таныстырылымды бағалау  
өлшемшарттары:**

1. Ұсынылған жұмыстың өзектілігі;
2. Өтінілген тақырып мазмұнына сәйкестілігі;
3. Ұсынылған жұмыстың практикалық маңыздылығы;
4. Ұсынылған жұмыстың инновациялық сипаты;
5. Ұсынылған жұмыс құрылымының қисындылығы;
6. Материалды ұсынудың түпнұсқалылығы, бірегейлігі;
7. Интернет-ресурстың мазмұндылығы (өзектілігі, ақпараттылығы);
8. Қомақты кәсіби нәтижелер ұсынуы. Мониторинг.
9. Перспективаға жоспарларды анықтау;
10. Жалпы мәдениет (қарым-қатынас, сөйлеу мәдениеті);

Жас педагогтер мен олардың тәлімгерлеріне  
арналған «Педагогикалық дуэт – 2024»  
облыстық конкурсының ережесіне  
**№5 қосымша**

ҚР БҒМ2021 жылғы 16 қыркүйектегі  
№ 472 Бұйрығына 2-қосымша

**Сабақты бақылау парағы**

Максималды 3 балл

Педагогтің ТАӘ (бар болған жағдайда)		Бақылаушының ТАӘ (бар болған жағдайда)	
<b>Мектеп:</b>	<b>Мерзімі:</b>	<b>Сабақ жоспары</b>	
<b>Сынып:</b> _____		<b>ұсынылды</b>	
<b>Сабақ түрі:</b>	<b>Комментарийлер:</b>		
жаңа материалмен танысу сабағы оқығанды бекіту сабағы білім мен дағдыларды қолдану сабағы білімді жалпылау және жүйелеу сабағы білім мен дағдыларды тексеру және түзету сабағы аралас сабақ		Иә	Жоқ
МЖМБС оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:			
Сабақтың мақсаттары:			

Бақылау өлшемшарттары:	Көрсеткіштер Иә /Жоқ	Бақылаушының комментарийлері
<p>Сабақтың мақсаттары:</p> <p>Оқытудың нақты мақсаттарын айқындайды және білім алушыларға/тәрбиеленушілерге оларды бағалау өлшемдерін ұсынады</p>		
<p>Сабақтың мазмұны оқу мақсаттарына сәйкес келеді</p>		
<p>Педагог білім алушыларды сабақ мақсаттарын және күтілетін нәтижелерді қоюға тартады</p>		
<p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Оқу мақсаттарына сәйкес келеді</p>		
<p>Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін ескереді</p>		
<p>Зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған</p> <p>Бағалау:</p>		
<p>Формативті бағалау арқылы білім алушылардың/тәрбиеленушілердің оқу мақсаттарына қатысты қызметінің нәтижесін бақылайды</p>		
<p>Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жетістіктерін атап өтеді</p>		
<p>Білім алушыларды/тәрбиеленушілерді бағалау процесіне тартады: өзін-өзі бағалау және өзара бағалау</p>		
<p>Сыныптағы тәртіп пен тәртіп ережелері:</p>		
<p>Сыныпта/топта тәртіп пен тәртіп ережелерін белгілейді</p>		
<p>Білім алушыларға/тәрбиеленушілерге сыныпта/топта оқу кеңістігін қамтамасыз етеді</p>		
<p>Сабақта білім алушылардың/тәрбиеленушілердің тиімді өзара іс-қимылын құру</p>		
<p>Алдын ала білім:</p>		
<p>Білім алушылардың жаңа материал туралы бұрыннан бар білімдерін анықтайды</p>		
<p>Оқушылармен өткен материалды қайталайды</p>		
<p>Жаңа материалды зерттеу:</p>		
<p>Білім алушылардың назарын оқу материалының маңызды сегменттеріне аудара отырып, маңызды ақпаратты айқындайды</p>		
<p>Жаңа материалды игеруге ықпал ететін сабақта / сабақта жұмыстың әртүрлі формаларын қолданады: топтық жұмыс, жұптық жұмыс, жеке</p>		

Білім алушыларды оқу ресурстарымен және кешенді тапсырмаларды орындау жөніндегі нұсқаулықтармен қамтамасыз етеді		
Материалдың мазмұны бойынша рефлексия жүргізеді		
Жаңа білімді практикада қолдану:		
Тәжірибе арқылы дағдыларды дамытады		
Білім алушыларға олардың дағдыларын дамыту және практикалық қолдану үшін белсенді тапсырмалар береді		
Білім алушыларды оқу қызметіне тарту:		
Оқушылардың оқу іс-әрекетіне қызығушылығы мен қатысуын қолдау үшін жұмыстың әртүрлі түрлері мен формаларын қолданады		
Білім алушылардың қатысу дәрежесін қадағалайды		
Білім алушылардың сауалнама процесіне қатысуын қолдау үшін сауалнаманың әртүрлі түрлерін пайдаланады		
Оқушылардың қатысуын қамтамасыз ету үшін дене белсенділігі мен сынып/топ кеңістігін пайдаланады		
Білім алушыларды тарту үшін сабақ барысының жігерлі қарқынын қолдайды		
Тұлғаға бағытталған тәсілді қолданады		
Сараланған тәсіл:		
Оқу мақсаттарына қол жеткізу бойынша барлық білім алушыларға/тәрбиеленушілерге қолдау көрсетеді		
Үлгерімі төмен білім алушыларды тартады		
АКТ және ресурстарды пайдалану:		
білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін дайын цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланады		
өзінің цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланады		
білім алушылардың/ тәрбиеленушілердің бірлескен жұмысы үшін желілік ресурстарды жұмылдырады		
Қосымша бақылау элементтері:		
Кері байланыс және ұсынымдар:		

Қазылар алқасының мүшесі \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 жыл

учебную деятельность:		
Использует различные виды и формы работы для поддержания интереса и вовлеченности обучающихся/воспитанников в учебную деятельность		
Отслеживает степень вовлеченности обучающихся/воспитанников		
Использует различные виды опроса для поддержания вовлеченности обучающихся/воспитанников в процесс опроса		
Использует физическую активность и пространство класса/группы для поддержания вовлеченности обучающихся/воспитанников		
Поддерживает энергичный темп хода урока для вовлеченности обучающихся/воспитанников		
Использует личностно-ориентированный подход		
Дифференцированный подход:		
Оказывает поддержку всем обучающимся/воспитанникам по достижению целей обучения		
Вовлекает слабоуспевающих обучающихся/воспитанников		
Использование ИКТ и ресурсов:		
использует готовые цифровые образовательные ресурсы для достижения образовательных результатов		
использует собственные цифровые образовательные ресурсы		
задействует сетевые ресурсы для совместной работы обучающихся/воспитанников		
Дополнительные элементы наблюдения:		
<b>Обратная связь и рекомендации:</b>		

Член жюри \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 года